

Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру

Мемлекеттік орган	Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ – <i>жер учаскесінің тұрған жері бойынша</i> ; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы.
Қызметті көрсету мерзімдері	1-кезең (келісуші органдар мен ұйымдардың оң қорытындыларымен жер учаскесін таңдау актісін дайындау) - 28 жұмыс күні; 2-кезең (жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару) - 22 жұмыс күні.
Қызмет құны	<u>қосымшаға сәйкес.</u> <i>Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар он сегіз жасқа толғанға дейінгі кезеңге жер учаскесіне жер-кадастр жоспарын әзірлеу ақысыз негізде жүзеге асырылады.</i>
Құжаттар тізбесі	1) көрсетілетін қызметті алушының немесе өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін); 2) жеке тұлғаның өкілі - нотариалды куәландырылған сенімхат; заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның басшысы сенімхат; 1-кезең: 3) жер учаскесін орналастыру схемасы; түпкілікті таңдау актісін келісуді және жер-кадастрлық жұмыс қызметі үшін ақы төлеуді өтініш беруші 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Өтініш беруші келіспеген жер таңдау актісін қолдану мерзімі он жұмыс күнін құрайды, көрсетілген мерзім өткеннен кейін, Мемлекеттік корпорация құжаттарды жою үшін көрсетілетін қызметті берушілерге қайтарады 2-кезең: 3) келісілген түпкілікті жер таңдау актісі; 4) жер-кадастрлық жұмыс қызметі үшін төлем құжаты. Өтініш беруші хабарлама алғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде 2 данада уақытша жер пайдалану шартына қол қояды, өтініш берушінің қолы қойылмаған шартын қолдану мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды.
Қызмет көрсету нәтижесі	жер-кадастр жоспарын және уақытша (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын қоса бере отырып жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім немесе бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011051#z7